

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 17 шілдедегі N 989 қаулысына өзгертулер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 12 сәуір N 435. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1996.06.25. N 786 қаулысымен.

"1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 U952700\_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін және "Қазақстан Республикасының 1930 жылғы 7 маусымдағы Женева конвенцияларына қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 тамыздағы N 2418 U952418\_ Жарлығының күшіне енуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

"Айналыс мерзімі үш және алты ай болатын қысқа мерзімді қазыналық вексельдерді орналастыру және айналысқа шығуына қызмет ету туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 17 шілдедегі N 989 P950989\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 25, 989-бап) мынадай өзгертулер енгізілсін:

атауындағы және мәтіндегі "вексельдер" сөздері "міндеттемелер" сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н .

1-тармақтағы "1995" саны "1995-1996" сандарымен ауыстырылсын; атауындағы және айналыс мерзімі үш және алты ай болатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық вексельдерін шығарудың шарттары мен тәртібінің мәтініндегі "вексельдер", "вексельдері" сөздері "міндеттемелер", "міндеттемелері" сөздерімен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі